

Г.К. Ташкеева
К. Адилжан
Э.М. Зулбухарова
А.А. Құдыш

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
(E-mail: tgk2512@gmail.com, kami_adilzhan@mail.ru,
zulbuharova68@gmail.com, Askarkudyshev@mail.ru)

«Қалыптастыру» ұғымының педагогикадағы мағынасын анықтау

Аңдатпа. Педагогикада қалыптастыру ұғымының мағынасы әртүрлі. Ол адам дамуының нәтижесі ретінде де, оқытушының білім алушыларды оқыту және тәрбиелеу бойынша ұйымдастырушылық қызметі ретінде де қолданылады. Мақалада қалыптастыру ұғымының мәнін анықтау үшін түрлі анықтамалар мен көзқарастар талданады.

Түйін сөздер: қалыптастыру, тәрбие, дамыту, оқытушының ұйымдастырылған қызметі, тұлғаның дамуы, қалыптасу.

DOI : <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2020-132-3-133-139>

Түсті: 8.04.20 / Жарияланымға рұқсат етілді: 11.05.20

Қалыптастыру және дамыту – педагогиканың жалпы ғылыми категориялары. Қалыптастыру (педагогикада) – бұл түрлі факторлардың (әлеуметтік, экологиялық, педагогикалық, экономикалық және т. б.) әсерінен адам тұлғасының қалыптасу процесі. Педагогика шеңберінде «қалыптастыру» ұғымы жиі қолданылмайды, негізінен жеке тұлғаның туғаннан өмірінің соңына дейінгі өзгеру процесі «тәрбие» деген ұғыммен сипатталады. Алайда, ғалым-педагогтар «даму», «қалыптастыру» және «тәрбие» ұғымдары әртүрлі және әртүрлі мағынада қолданады деген пікірде. Қалыптастыру адам тұлғасының тұлға болып жетілуін, кемелдік, тұрақтылық деңгейге жетуін білдіреді. Қалыптасудың негізгі факторларының бірі – тәрбие. Осылайша, «қалыптастыру» педагогикада кеңінен қолданылғанына қарамастан, әлі де жеткілікті қалыптаспаған педагогикалық категория болып табылады [1].

Ғылыми әдебиетте «қалыптастыру», «даму» терминінің синонимі ретінде жиі қара-

стырылады. Ғалымдар И.З. Гликман мен И.П. Подласый «даму» терминін «адам санасында болатын сандық және сапалық өзгерістердің өзара байланысын» түсіндіреді [2]. Бұл категория тұлғаның тұрақты өзгеруін болжайды.

Педагогикалық әдебиетте бұрынғы жылдары қалыптастыру түсінігі жеке тұлғаға кездейсоқ әсер ету үшін қолданылған. Мысалы, педагогиканың белгілі авторы П.Н. Груздев тек стихиялық тәрбиені қалыптастырып, «адамдарға саналы әрекеттен тәуелсіздігіне әртүрлі жағдайлардың әсері» деп атауды ұсынды [3].

Философиялық тұрғыдан қалыптастыру – бұл адамның дамуындағы нашар әдеттер мен тәртіпсіздікке қарсы тұратын және адамның тұлға ретінде қалыптасуына ықпал ететін процесс. Қалыптасу барысында адам өмірлік тәжірибеге ие болады, жеке өмірден өркеніетті, мәдени және қоғамдық өмірге өтеді. Психикалық процесс қалыптастыру арқылы дамиды. Қалыптастыру – психикалық процестің дамыған әдісі болып табылады.

Педагогикада қалыптастыру адамның даму нәтижесін бағалау ретінде қарастырылады, педагогтың оқыту мен тәрбиелеуді жүзеге асыру қабілеті ретінде қолданылады. Адам дағдыларсыз, тәжірибесіз, табиғат және қоғам заңдарын білмей дүниеге келеді. Адамның өсіп - жетілу процесінде даму оның әрбір кезеңінде белгілі бір деңгейге жетеді. Жас ерекшеліктеріне сәйкес тәрбиелеу және оқыту процесінде білім алушылардың белсенді іс-әрекеттерімен тығыз байланыста дағдылар қалыптасады. Осылайша, білім, дағдылар, білік, ойлау, есте сақтау, дүниетанымдық көзқарастар және т.б. қасиеттер біртіндеп қалыптасады [4].

Тәрбиенің негізгі мақсаты – қалыптастып келе жатқан жеке тұлғаның әлеуметтік тәжірибені меңгеруі, оның жан-жақты үйлесімді дамуы. Жеке тұлғаның даму мен қалыптасу мәселесінің көп ғасырлық тарихы бар. Ол көп аспектілі және әртүрлі ғылымдардың тоғысында қарастырылады. Ертедегі грек ғалымдары жеке тұлғаның дамуына биологиялық факторлармен қоса әлеуметтік факторлар да әсер етеді деп есептеген. Жеке тұлғаның қалыптасуының факторлары туралы идеялар өткен ғасырлардың прогрессивті философиялық және психологиялық - педагогикалық пікірлерінде өз жалғасын тапқан (Э. Роттердамский, Я.А. Коменский, К.А. Гельвеций, Д. Дидро, А. Дистерверг, К.Д. Ушинский, В.Г. Белинский, Н.Г. Чернышевский, К. Маркс, Ф. Энгельс, З. Фрейд, Д. Дьюи, Э. Торндайк, Н.К. Крупская, П.П. Блонский, А.С. Макаренко, Л.С. Выготский, Э.И. Монозон, Л.И. Божович, С.Л. Рубинштейн, В.В. Давыдов т.б.).

Жеке тұлғаны қалыптастыру – бұл қоғамдық тәжірибенің арнайы саласын меңгеру процесі, яғни білім, білік және дағдылар т.б. қасиеттерді игерумен ерекшеленеді. Осы игерудің нәтижесінде жаңа уәждер мен қажеттіліктерді қалыптастыру, оларды қайта құру және ұштастыру жүреді. Жаңа қажеттіліктер мен уәждер, олардың шынайы өмірді мойысынуы немесе өмір сүру кезінде пайда болады.

Бүгінгі таңда жеке тұлға теориясы мен тәрбие тәжірибесі үшін маңызды мәселе

қалыптастыру механизмдерін жетілдіру болып табылады. Жеке тұлғаны қалыптастыру теориясында тәрбиелеу мен оқыту арқылы өз тәжірибесі мен мәдениетін үйрету үрдісі дәстүрлі болып саналады. Ынталандыру, құндылық бағдарларын қалыптастыру, тұлғаның әлеуметтік қалыптасуымен анықталады.

Жеке тұлғаны қалыптастырудың стихиялық тетіктеріне себепті мақсатқа жылжытудың жеткілікті жалпы механизмін жатқызуға болады, сондай-ақ, арнайы: әлеуметтік рөлдерді қабылдау және игеру механизмі және идентификациялау механизмі (себепті жылжыту механизмі; рөлді игеру механизмі). Бұл-стихиялық механизмдер, өйткені субъект олардың іс-әрекетіне ұшырай отырып, оларды толық көлемде сезінбейді және оларды саналы түрде басқармайды. Олар жасөспірімдер жасына дейін үстем болады, бірақ кейін де өзін-өзі жасаудың саналы түрлерімен бірге жеке тұлғаны дамытуға қатысуды жалғастырады.

Әлеуметтік әл-ауқат адамның қалыптасуы мен өміріне байланысты, себебі:

- 1) жаңа себептер пайда болады;
- 2) себептерді ұштастырады;
- 3) көзқарастар, құндылықтар, этикалық нормалар мен қатынастар жүйесі өзгереді.

Жеке тұлғаны қалыптастырудың барлық аталған механизмдері саналы формаларды қабылдай алады, бірақ түсіну, ұғыну олардың іс-әрекеті үшін маңызды. Әдетте, осы механизмдердің барлығы бірлесіп, жинақталып, өзара күш біріктіре отырып әрекет етеді және тек ақыл-ой абстракциясы оларды жеке-жеке қарауға мүмкіндік береді [5].

А. Бандураның пікірінше, адам не істей алатынын және не істей алмайтынына деген сенімділіктің қалыптасуын анықтайтын төрт негізгі шарт бар:

- 1) өткен тәжірибе (білім, дағдылар), мысалы, бұрын мүмкін болса, қазір де мүмкін;
- 2) өзіне сенімділік; мысалы, «Мен мұны істей аламын»;
- 3) жоғары эмоциялық көңіл-күй (музыка, махаббат);
- 4) (ең басты шарт) басқа адамдардың мінез-құлқын бақылау, модельдеу, еліктеу (нақты өмірді бақылау, кинофильмдерді

көру, кітаптар оқу және т. б.); мысалы, «Егер басқалар жасай алса, мен де істей аламын!» [6].

Жеке тұлғаны қалыптастыру теориясында тәрбиелеу және оқыту, белгілі бір ұстанымдарды, рөлдерді, функцияларды меңгеру арқылы өз тәжірибесі мен мәдениетін үйрету үрдісі дәстүрлі болып саналады. Мотивация, құндылық бағдарларының қалыптасуы жеке тұлғаның осы қоғамдық қалыптасуымен сипатталады [7].

Қалыптастыру сыртқы өзгерістермен көрінетін оның көркем мінезімен ерекшеленетін адам тұлғасының рухани байытылуы болып табылады. Өзінің табиғаты бойынша қалыптасудың «соңы» жоқ, өмір бойы тұлғаның қалыптасу процесі жүзеге асырылады, яғни ол үздіксіз және шексіз.

Қалыптастырудың жекелеген кезеңдерін бөліп көрсетейік.

Бастапқы қалыптастыру – туғаннан бастап ересектерге дейін жүреді. Одан әрі қалыптастыру – жеке тұлғаны жетілдіру немесе дамыту, жеке тұлғаның жақсы тәрбиенуі немесе жан – жақты білім алып, жақсы дағдылар біртіндеп қалыптаса бастауы. Педагогикадағы қалыптасудың өзекті мәселелерінің бірі осы үдерістің қозғаушы күші туралы мәселе. Қалыптастыру процесінің қозғаушы күштері сыртқы және ішкі көздерге ие. Ішкі қозғаушы күштер – бұл адамның әлемді тануға, білім алуға, шеберлік пен дағдыларды үйренуге деген жеке ұмтылысы. Сыртқы қозғаушы күштер – бұл сол білім алушының тұлғасына педагогтар, ата-аналар, құрдастар, қоршаған орта және т.б. жатады. Қазіргі педагогикада тұлғаны қалыптастыру үдерісі ең өзекті және маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Бұл жеке тұлғаның қалыптасуы – жеке тұлғаның өзін – өзі жүзеге асыруын, жеке көзқарастар мен табысқа қол жеткізуін, өз күштері мен мүмкіндіктерін іске асыруды қарастыратын маңызды және жауапты мәселе [1, 2 б.].

Әлемдік білім беру кеңістігінде кәсіби білім берудің біртұтас жүйесін құрудың негізгі идеялары болып адамға үздіксіз көп деңгейлі кәсіби білім беру үшін барынша мүмкіндік

жасау; тұлғаның үздіксіз шығармашылықпен дамуы, өзгеруі және жетілуі; оның білім алу кеңістігіндегі жаңалыққа ұмтылысын қамтамасыз ету және кәсіби білім алуы үшін қолайлы жағдайлар жасау, тұлғаға білім алу траекториясын өз мүддесіне, бейімділігі мен қажеттіліктерін ескере отырып қалыптастыруға мүмкіндік беру болып саналады. Мұның бәрі кәсіби білім берудің көпдеңгейлілігі бағдарламаларында көріністауып, тәжірибеде жүйелі бірізділікте жүзеге асырылуы тиіс [8].

Педагогика мен психологияда жеке тұлғаның «қалыптасу» термині жиі қолданылады. Бұл жеке тұлғаның дамуының нәтижесі дегенді және оның пайда болып, тұтастыққа, бірқалыпты қасиеттерге және сапалараға ие болғанын білдіреді. Қалыптастыру (қалыптасу) дегеніміз – бір нәрсеге пішін (форма) мен тұрақтылық беру; толықтық пен нақты бір түр беру.

Жеке тұлғаның қалыптасуына, сонымен қатар, қоршаған орта да әсер етеді – адам және қоғам өміріндегі әлеуметтік – экономикалық, тарихи қалыптасқан жағдайлар. Қоршаған орта макро және микро болып бөлінеді. Макро орта – адамға әлеуметтік-экономикалық ықпалдардың мол жиынтығы. Микро орта дегеніміз баланың ең жақын қарым-қатынас ортасы, ол адамды әрдайым қоршайтын және оның дамуына әсер ететін өзара байланысты заттар, құбылыстар мен адамдар әлемі. Жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуына, белгілі бір мөлшерде табиғи немесе географиялық орта (климат), табиғат жағдайлары да әсер етеді [9].

Мектепке дейінгі балалық шақтың әрбір кезеңі психофизиологиялық дамудың өзіне тән ерекшеліктерімен, ал әрбір бала тек өздеріне ғана тән жеке ерекшеліктерімен сипатталады.

Педагогикада тұлғаны қалыптастыру нақты нәтижелерге қол жеткізуді көздейді:

- білім беру – қоршаған ортаны түсіну; қоғамдағы және түрлі салалардағы (экономика, саясат, білім беру және т. б.) өзгерістер мен қайта құрулар; білім саласы; өзін-өзі тәрбиелеу, өздігінен білім алу және т. б. үшін оңтайлы жағдай жасау;

- тәрбиелік – қалыптасқан саяси және моральдық нанымдар; Отанға, өз халқына, тарихқа, дәстүрлерге, мемлекеттік және қоғамдық институттарға, еңбекке, дінге, әлеуметтік топтарға қарым-қатынас; жалпы жұрт таныған мінез-құлық нормалары, әдеттер, көзқарастар уәждерін жандандыру; бос уақытты өткізу қызметіне, хоббиге, дәстүрлерге қарым-қатынас жасау; қандай да бір іс-әрекеттерді жасауға, оларды моральдық мәжбүр ету немесе бас тарту және т. б.;

- оқыту – өмірдің түрлі салаларынан білімді байыту; жүргізу дағдыларын, кәсіби және тұрмыстық дағдыларды, сондай-ақ практикалық қызметтің түрлі түрлерінің дағдыларын меңгеру және т.б.

- қазіргі қоғамдағы дамушы – табысты әлеуметтену; өз мүдделерінің барабарлығы мен пайымдаушылығы және жалпы қабылданған нормаларға бейімділігі; қажетті физикалық қасиеттерді меңгеру; интеллект, мәдениет, адамгершілік, іскерлік және кәсіби қабілеттерді дамыту және т. б. [1, 3 б.].

Біз 1-кестеде педагогикадағы қалыптастыру ұғымының мәселесін зерттеу мақсатымен мазмұнға талдау жасадық (ағылш. Content analysis-мазмұнын талдау, мәтін мазмұнын сапалық-сандық талдау).

Н.М. Таланчуктың айтуынша, бұл тұрғыда педагог - тәжірибелі психолог; ол білім алушы тұлғаны жетілдіреді, маңызды іс-әрекеттерге итермелейді, маңызды психологиялық жай-күйді дамытады және тиісті шарттармен нығайтады. Осы іс-әрекеттің арқасында білім алушы оқу-тәрбие үдерісінің объектісі ретінде оның субъектісіне айналады. Осының бәрін жасау үшін педагог әрбір оқу және тәрбие үрдісінде шебер психолог болу керек, психологиялық әсер ету әдістерін жетік меңгеруі тиіс [10, б.168].

Қоғамдық өмірде болып жатқан өзгерістер, білім берудің жаңа тәсілдерін дамытуды, жеке тұлғаның жеке дамуымен, шығармашылық бастамамен, ақпараттық алаңдарда өз бетінше қимыл жасай білуді, білім алушыда өмірде туындайтын мәселелерді – кәсіби қызметті, өзін-өзі анықтауды, күнделікті өмірде шешу үшін міндеттер қою мен шешудің әмбебап біліктілігін қалыптастыруды талап етеді. Осыған байланысты тапқыр және өзін-өзі жетілдіретін тұлғаны тәрбиелеу мен дамыту, білім алушыларда өз бетінше ойлау, білімге қызығушылығын және ізденімпаздығын, қабылданатын шешімдерді мұқият ойластыру және іс-қимылдарды нақты жоспарлау, құрамы бойынша әртүрлі топтарда тілтабысу

Кесте 1. «Қалыптастыру» ұғымының мәнін - мазмұнын талдау

Авторлар	Ұғымның мәні
1	2
Гликман И.З., Подласый И.П.	«қалыптастыру» – «даму» терминінің синонимі ретінде қарастырады. «Даму» термині адамның санасында болатын сандық және сапалық өзгерістердің өзара байланысын түсіндіреді [2]. Бұл категория тұлғаның тұрақты өзгеруін болжайды.
Груздев П.Н.	стихиялық тәрбие, «саналы іс-әрекетке қарамастан адамдарға әртүрлі жағдайлардың әсері» [3].
Лазарева Н.Б.	жеке тұлғаны қалыптастыру – бұл қоғамдық тәжірибенің арнайы саласын меңгеру процесі, яғни білім, білік және дағдылар т. б. қасиеттерді игерумен ерекшеленеді [5].
Первин Л.А.	адам не істей алатынын және не істей алмайтынына деген сенімділіктің қалыптасуын анықтайтын төрт негізгі шарт бар: тәжірибе, сенім, эмоция, бақылау.
Торгонский В.В.	жеке тұлғаны қалыптастыру теориясында тәрбиелеу және оқыту, белгілі бір ұстанымдарды, рөлдерді, функцияларды меңгеру арқылы өз тәжірибесі мен мәдениетін үйрету үрдісі дәстүрлі болып саналады [7].

Барков С.А.	тұлғаның үздіксіз шығармашылықпен дамуы, өзгеруі және жетілуі; оның білім алу кеңістігіндегі жаңалыққа ұмтылысын қамтамасыз ету және кәсіби білім алуы үшін қолайлы жағдайлар жасау, тұлғаға білім алу траекториясын өз мүддесіне, бейімділігі мен қажеттіліктерін ескере отырып, қалыптастыруға мүмкіндік беру болып саналады [8].
Агаджанян Н.А.	жеке тұлғаның ең маңызды белгілері – оның саналылығы, жауапкершілігі, бостандығы, қадір – қасиеті, даралығы, салауатты өмір салтын сақтауы. Жеке тұлғаның қалыптасуына, қоршаған орта да әсер етеді – адам және қоғам өміріндегі әлеуметтік - экономикалық, тарихи қалыптасқан жағдайлар [9].
Таланчук Н.М.	педагог – тәжірибелі психолог, ол білім алушы тұлғаны жетілдіреді, маңызды іс-әрекеттерге итермелейді, маңызды психологиялық жай-күйді тиісті психологиялық шарттармен нығайтады. Осы іс-әрекеттің арқасында білім алушы оқу-тәрбие үдерісінің объектісі ретінде оның субъектісіне айналады [10].

қабілетін қалыптастыру ерекше маңызға ие болады [10, 168 б.].

Студенттердің өзін-өзі дамытуға дайындығын қалыптастыру әртүрлі іс-шаралар өткізу арқылы қоғамдық іс-шараларға қатысу кезінде олардың дағдыларын, икемділігін, дербестігін және сенімділігін қалыптастыру, кәсіби ортаға «бейімделу» үдерісі болып табылады [10].

Осылайша, педагогикадағы «қалыптастыру», «тұлғаны қалыптастыру» ұғымдарының мазмұнын анықтау бізге келесі қорытындыны жасауға мүмкіндік берді:

- «қалыптастыру» әлі қалыптаспаған педагогикалық категория;
- жеке тұлғаны қалыптастыру механизмдері туралы мәселе жеткіліксіз;
- қалыптастыру – психикалық процестің дамыған әдісі болып табылады;
- педагогикада қалыптастыру адамның даму нәтижесін бағалау ретінде қарастырылады, педагогтың оқыту мен тәрбиелеуді жүзеге асыру қабілеті ретінде қолданылады;
- жеке тұлға теориясы мен тәрбие тәжірибесі үшін маңызды мәселе қалыптастыру механизмдерін жетілдіру;
- жеке тұлғаны қалыптастыру теориясында өз тәжірибесі мен мәдениетін үйрету дәстүрлі әдіс болып саналады;

- қалыптасудың негізгі факторларының бірі – тәрбие;

- қалыптастыру – бұл жеке тұлғаны дамытудың мақсатты процесі, оның барысында белгілі бір қызметті жүзеге асыруға оның тұрақтануы орын алады;

- қалыптастыру – сыртқы өзгерістермен сипатталатын адам тұлғасының мазмұндық байытылуы. Өзінің табиғаты бойынша қалыптасудың «соңы» болмауы, өмір бойы тұлғаның қалыптасу процесі жүзеге асырылады, яғни ол үздіксіз және шексіз;

- қалыптастыру процесінің қозғаушы күштері сыртқы және ішкі көздері болып бөлінеді;

- «қалыптастыру» екі бағытта, білім алушының даму нәтижесі ретінде және оны тәрбиелеу мен оқытуға бағытталған педагогтың және білім алушының ұйымдастырылған қызметі ретінде қолданылады;

- педагогикада тұлғаны қалыптастыру нақты нәтижелерге жетуді көздейді;

Белгілі бір деңгейге жетуді, аяқтауды немесе аяқтауды қалыптастыру деп түсінеді.

Қалыптастыру механизмі анықтау – алдымызға қойылған міндеттердің бірі болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Что такое формирование в педагогике - URL: https://spravochnik.ru/pedagogika/chto_takoe_formirovanie_v_pedagogi_ke/ (дата обращения: 10.03.2020).

2. Подласый И.П. Вопросы воспитания и обучения. - М., 2013.
3. Груздев П.Н. Вопросы воспитания и обучения. - М., 1949.
4. Безрукова В.С. Основы духовной культуры: энциклопедический словарь педагога. - Екатеринбург, 2000.
5. Лазарева Н.Б. Личность. Определение личности. Формирование личности. Теории личности. (ГБПОУ «1-й МОК») – М., 2019.
6. Первин Л.А., Джон О.П. Психология личности: теория и исследования. – М., 2004.
7. Торгонский В.В. Формирование личности, индивидуальности и ее интегративных качеств. // Историческая и социально-образовательная мысль. - 2010. - №4 (6). - С. 95-105.
8. Барков С.А. Теория организации (институциональный подход): Учебное пособие. – М.: КДУ, 2009.
9. Агаджанян Н.А. Здоровье студентов. – М.: «Россия», 1997.
10. Таланчук Н.М. Введение в неопедагогiku. Пособие для педагогов-новаторов. – М.: «Логос», 1991.

References

1. Chto takoe formirovanie v pedagogike. Available at: https://spravochnik.ru/pedagogika/chto_takoe_formirovanie_v_pedagogike/ (Available at: 10.03.2020).
2. Podlasyj I.P. Voprosy vospitanij i obuchenij [Education and training] (Moscow, 2013).
3. Gruzdev P.N. Voprosy vospitanij i obuchenij [Education and training] (Moscow, 1949).
4. Bezrukova V.S. Osnovy duhovnoj kul'tury: enciklopeicheskij slovar' pedagoga [The main spiritual culture: jenciklopedicheckij clovap' pedagoga] (Ekaterinburg, 2000).
5. Lazareva N.B. Lichnost' Opredelenie lichnosti. Formirovanie lichnosti. Teorii lichnosti [Personality. Identification. Personality formation. Personality theory] (GBPOU «1-j МОК», (Moscow, 2019).
6. Pervin L.A., John O.P. Psihologija lichnosti: teorija i issledovanija [Psychology of personality: theory and research] (Moscow, 2004).
7. Torgonskij V.V. Formirovanie lichnosti, individual'nosti i ee integrativnyh kachestv [Formation of personality, individuality and its integral qualities], Istoricheskaja i social'no-obrazovatel'naja mysl' [Historical and social-educational thought], 4 (6), 95-105 (2010).
8. Barkov S.A. Teoria organizacii (institucional'nyj podhod) [Theory of organization (institutional approach)]. Workbook (KDU, Moscow).
9. Agadzhanjan N.A. Zdorov'e studentov [Student health] («Russian», Moscow, 1997).
10. Talanchuk N.M. Vvedenie v neopedagogiku. Posobie dlja pedagogov-novatorov [Introduction to neopedagogy. A tool for teachers - newcomers] («Logos», Moscow, 1991).

Г.К. Ташкеева, К. Адилжан, Э.М. Зулбухарова, А.А. Кудыш
Казахский национальный университет им. Аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Выявление сущности понятия «формирование» в педагогике

Аннотация. Понятие «формирование» в педагогике неоднозначно. Оно употребляется как результат развития человека, и как организаторская деятельность преподавателя по обучению и воспитанию обучающихся. В статье анализируются различные определения и точки зрения для выявления сущности данного понятия.

Ключевые слова: формирование, воспитание, развитие, организованная деятельность педагога, развитие личности, сформированность.

G.K.Tashkeyeva, K.Adilzhan, E.M.Zulbukharova, A.A. Kudysh
Al – Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

Identification of the essence of the concept of «formation» in the pedagogy

Abstract. In pedagogy the concept of formation is ambiguous. It is used both as a result of human development, and as an organizational activity of the teacher for training and education of students. The article analyzes various definitions and points of view to identify the essence of the concept of formation.

Keywords: formation, education, development, organized activity of the teacher, personal development, the formation.

Авторлар жайлы мәлімет:

Ташкеева Г.К. – қатты дене және бейсызық физика кафедрасының қауымдастырылған профессоры (доцент), Өл – Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Өл – Фараби көш., 71, Алматы, Қазақстан.

Адилжан К. – плазма физикасы, нанотехнология және компьютерлік физика кафедрасының докторанты, Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Өл – Фараби көш., 71, Алматы, Қазақстан.

Зулбухарова Э.М. – жылу физикасы және техникалық физика кафедрасының аға оқытушысы, Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Өл-Фараби көш., 71, Алматы, Қазақстан.

Құдыш А.А. – жылу физикасы және техникалық физика кафедрасының магистранты, Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Өл-Фараби көш., 71, Алматы, Қазақстан.

Tashkeyeva G.K. – associate Professor of the Department of solid state physics and nonlinear physics, al – Farabi Kazakh National University, al – Farabi str., Almaty, Kazakhstan.

Adilzhan K. – PhD student of the Department of plasma physics, nanotechnology and computer physics, al – Farabi Kazakh National University, al – Farabi str., 71, Almaty, Kazakhstan.

Zulbukharova E.M. – senior lecturer of the Department of Thermophysics and technical physics, al – Farabi Kazakh National University, al – Farabi str., 71, Almaty, Kazakhstan.

Kudysh A.A. – master’s student of the Department of Thermophysics and technical physics, al – Farabi Kazakh National University, al – Farabi str., 71, Almaty, Kazakhstan.